

**"Ә.Ә.Оспанов атындағы Топырақтану институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын көшіру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 маусым N 650

Ғылыми зерттеудердің тиімділігін арттыру, Қазақстанның негізгі астық өсіруші аудандарында астық өндіру проблемаларына ғылыми-техникалық әлеуетті шоғырландыру және қазіргі заманғы агротехнологиялар мен құнарлы топырақты қалпына келтіру технологияларын енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының

Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Ә.Ә.Оспанов атындағы Топырақтану институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын (бұдан әрі - Институт) 2002 жылдың 20 тамызына дейін Алматы қаласынан Ақмола облысының Шортанды ауданындағы Научный кентіне көшіруді жүргізсін;

2) Институтты көшіруге байланысты негіздеме мен шығыстар сметасын

әзірлесін және бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне енгізсін;

3) Институтты көшіруге байланысты мәселелерді шешсін, сондай-ақ осы қаулыдан туындастырын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Институтты көшірудің бірінші кезекті шығыстарын қаржыландыру жөнінде 2002 жылғы 10 шілдеге дейін ұсыныстар енгізсін.

3. Ақмола облысының әкімі Институтты Ақмола облысы Шортанды ауданының Научный кентіне орналастыруға байланысты ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:  
Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК